Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қаржы ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 22 желтоқсан N 330-I

Боннда 1997 жылғы 26 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қаржы ынтымақтастығы туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі
арасындағы
Қаржы ынтымақтастығы туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 1, 7-құжат)
(1999 жылғы 4 ақпанда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 81 бет)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы

арасындағы қалыптасқан достық қарым-қатынастар рухында іс-қимыл жасай отырып,

осы достық қарым-қатынастарды әріптестік қаржы ынтымақтастығы жолымен нығайтуға және тереңдетуге тілек білдіре отырып,

бұл қарым-қатынастарды қолдау осы Келісімнің негізі болып табылатынын түсіне отырып,

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуды

ниет ете отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

(1) Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе екі Үкіметтердің бірлесіп таңдаған басқа алушыларына Майндағы Франкфурт қаласының Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтынан мына мөлшерде ақшалай сомаларды алуына мүмкіндік береді:

1. Егер де жобаны қарау қорытындысында оны жүзеге асыруға жәрдемдесу орынды деп белгіленсе,

"Шағын және орта кәсіпорындардың пайдасы үшін кредит желісі (КМУ кредит желісі)" жобасын жүзеге асыру үшін 15.000.000,00 неміс маркасына (жазбаша: он бес миллион неміс маркасы) дейінгі несие.

2. Егер де жобаны қарау қорытындысында оны жүзеге асыруға жәрдемдесу орынды деп табылса және, егер оның қоршаған ортаны қорғауға және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға бағытталғандығына байланысты қаражат бөлу жолымен жәрдемдесу үшін ерекше шарттардың қанағаттандырылғаны расталатын болса,

"Арал өңірін ауыз сумен қамтамасыз ету" жобасын жүзеге асыру үшін 10.000.000,00 неміс маркасына (он миллион неміс маркасы) дейінгі мөлшерде қаржы салымы.

(2). Егер де осы Баптың 1-тармағының 2-тармақшасында жобаны жүзеге асыру үшін онда аталған растауды алуға мүмкіндік болмаса, онда Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтынан осы жобаны жүзеге асыру үшін көзделген қаржы салымының мөлшерінде несие алу мүмкіндігін береді.

(3) Осы Баптың 1-тармағында аталған жобалар Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасы Үкіметі арасындағы келісім бойынша басқа жобалармен ауыстырылуы мүмкін. Егер осы Баптың 1-тармағында айтылған жоба оны жүзеге асыруға қатысты қаржы салымын бөлу жолымен жәрдемдесу үшін ерекше шарттары қанағаттандырылған, қоршаған ортаны қорғауға, әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға немесе кедейлікпен күресу жөніндегі өз бетінше шара қолдануға бағытталған жобамен ауыстырылса, онда қаржы салымы берілуі мүмкін, ал өзге жағдайда несие берілуі мүмкін.

(4) Егер Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Майндағы Франкфурт қаласының Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтынан осы Баптың 1-тармағында аталған жобаларды жүзеге асыру және оған қызмет көрсету үшін қажетті ілеспелі шараларды әзірлеу

немесе қабылдау мақсатымен қосымша несиелер немесе қаржы салымдарын алу мүмкіндігін кешіктіріп берсе, онда осы Келісім қолданылатын болады.

(5) Осы Баптың 4-тармағында сәйкес даярлық және ілеспелі шараларды өткізу үшін бөлінген қаржы салымы, егер де олар осындай шараларды жүзеге асыруға пайдаланылмаса, несиеге айналады.

2 - б а п

(1) Осы Келісімнің 1-бабында аталған сомаларды пайдалану, оларды бөлу шарттары , сондай-ақ тапсырысты беру тәртібін Германия Федеративтік Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институты және несие мен қаржы салымдарын алушылар арасында жасасқан шарттар р е т т е й д і .

1-баптың 1-тармағының 1 және 2-тармақшаларындағы аталған сомаларды беруге келісім, егер де келісім жарияланған жылдан есептегенде, сегіз жыл мерзім бойында тиісті кредит контрактілері немесе қаржыландыру туралы контрактілер жасалмаса, а л ы н ы п т а с т а л а д ы .

Осы сомаларға қатысты беру мерзімі 2005 жылғы 31.12 аяқталады.

(2) Егер Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзі несие алушы болып табылмаса, онда ол Экономиканы қалпына келтіру кредит институтына осы Баптың 1-тармағына сәйкес жасалған контрактілер негізіндегі міндеттемелерді орындауға несие алушылар қосатын барлық төлемдердің неміс маркасымен жүзеге асырылуына кепілдік береді.

(3) Егер Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзі қаржы салымдарын алушы болып табылмаса, онда ол Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтына осы Баптың 1-тармағына сәйкес жасалған қаржыландыру туралы контрактілер негізінде туындауы мүмкін ақшалай қаражатты қайтару талабын қанағаттандыруға кепілдік б е р е д і .

3-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі Экономиканы қалпына келтіру жөніндегі кредит институтын осы Келісімнің 2-бабында аталған контрактілердің жасалуына және жүзеге асырылуына байланысты Қазақстан Республикасында алынатын барлық салықтар мен басқа алымдардан босатады.

4-бап

Адамдар мен жүктерді құрлықпен, теңізбен және әуе жолымен тасымалдауға несие және қаржы салымдарын беруге байланысты қажеттіліктерге қатысты Қазақстан Республикасының Үкіметі Жолаушылар мен жіберушілерге тасымалдаушыны еркін таңдауларын қамтамасыз етеді, Германия Федеративтік Республикасында тұратын тасымалдаушылардың тең құқылы қатысуын қиындататын немесе болдырмайтын ешқандай шара қолданбайды және олардың қатысуы үшін қажетті рұқсаттарды береді.

5-бап

(1) "КМУ кредит желісі" жобасы герман-қазақстан техникалық ынтымақтастық шеңберінде өткізілетін "Шағын және орта кәсіпорындарға, кәсіби даярлықты қоса алғанда, жәрдемдесу" консалтингтік бағдарламасымен өзара іс-қимыл жасау жолымен жүзеге асырылады. Екі жобаны келісу үйлестіру комитетінің шеңберінде жүзеге асырылады. Бірлескен өкілдікті Алматы қаласының Экономикалық зерттеулер институты мен Мюнхен қаласының "ИФО" институты өздеріне алады. Қазақстандық немістердің кеңесі үйлестіру комитетінің бір мүшесі болып табылады. Үйлестіру комитеті Экономикалық ынтымақтастық пен даму федералды министрлігі мен Шетелдік кредиттер жөніндегі комитеті (CEL) алдында есеп береді.

(2) "КМУ кредит желісі" жобасына бөлінген қаржының бірдей бөлігі ең шағын кәсіпорындарға жәрдемге бөлінеді. Тиісті егжей-тегжейлерді үйлестіру комитеті анықтайтын болады.

6-бап

1995 жылғы 22-мамырдағы Қаржы ынтымақтастығы туралы келісіммен көзделген "Құрылыс материалдарының өндірісі" жобасына байланысты 37.000.000,00 мөлшердегі неміс маркасы (отыз жеті миллион неміс маркасы) несиелері 1-баптың 1-тармағының 1 және 2-тармақшаларында айтылған қосымша пайдалану мақсаттары үшін 17.000.000,00 мөлшердегі неміс маркасы (он жеті миллион неміс маркасы), "КМУ кредит желісі"

жобасына 12.000.000,00 мөлшердегі неміс маркасы (он екі миллион неміс маркасы) және "Арал өңірін ауыз сумен қамтамасыз ету" жобасына 5.000.000,00 мөлшердегі неміс маркасы (бес миллион неміс маркасы) сомаларын беру арқылы қайта бөлінетін болады. Осымен "Арал өңірін ауыз сумен қамтамасыз ету" жобасы үшін 5.000.000,00 неміс маркасының (бес миллион неміс маркасы) сомасы бұдан былай қаржы салымы ретінде берілетін болады.

7-бап

Осы Келісім Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды орындағаны туралы хабарлаған күні күшіне енеді. Осы Келісімнің күшіне енетін күні осындай хабар түскен күннен бастап есептелетін болады.

Бонн қаласында 1997 жылғы 26 қарашада екі дана болып, әрқайсысы қазақ, неміс және орыс тілдерінде жасалды. Қазақ және неміс мәтіндерін түсіндіруде пікір алшақтықтары болған жағдайда орыс тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі үшін

Оқығандар:
Қасымбеков Б.А.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК